

Егінді ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы Егінді ауылының әкімінің 2019 жылғы 12 маусымдағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 маусымда № 5383 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Егінді ауылының әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Егінді ауылының әкімінің 15.10.2019 № 2 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Егінді ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ірі қара малдың арасынан бруцеллез ауруының анықталғанына байланысты Егінді ауылының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

М. Бастенов